

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 355 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 1301 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 133 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 133 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалған, " Еркін қойма" кеден режимі қолданылатын аумақта өндірілген және Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне сатылатын, сату бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылатын қазақстандық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 355 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 16 , 193-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалған, "Еркін қойма" кеден режимі қолданылатын аумақта өндірілген және Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне сатылатын, сату бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылатын қазақстандық тауарлардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 36-жолмен толықтырылсын:

"36. Дизельді электр локомотивтері 8602 10 000 0 35.20.12".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*